

# Латынға көшу – тарихи таңдау



Бүгінгі күн тәртібіне қойылған ең өзекті мәселенің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Тарихи тамыры терең тұғырлы тілімізді дамытып, заманның өзі талап еткен бұл бастама жайында талай пікірлер айтылуда. Бұл - тарих бедерінде жасалған нақты қадам және түркі әлемін біріктіретін тарихи шешім. Латынға өтудің негізгі мақсаты қазақ тілін ары қарай дамытып, әлемдік ақпараттық кеңістікке қосуға жағдай жасау, яғни, қазақ жазуында қазіргі қолданылып келе жатқан орыс графикасын (кириллицаны) латын әліпбиімен ауыстыру.

Елбасы 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» Стратегиясында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін мәлімдеген болатын. Президентіміз 2017 жылғы сәуір айында жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында таяу жылдарға қатысты міндеттерге тоқтала келе, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыста-

рын бастауымыз керек екендігін айтты.

Латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Себебі, әлемнің 100-ден астам мемлекетінде латын әліпбиі қолданылады. Латын әрпіне көшудің кейбір алғышарттары қазірдің өзінде жасалып жатыр. Оның үстіне, қазақ халқы бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу тәжірибесін екі рет – 1928 жылы латын әліпбиіне, 1940 жылы латын жазуынан бүгінгі кириллицаға көшу кезеңін бастан өткізгені баршамызға мәлім.

Латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына аса мән берген жөн, яғни, ортақ қағида болуы шарт. Мұндай ескертуді еліміздің рухани көсемі А.Байтұрсынұлы әліпби ауыстыратын кезеңде (1927 жылы) тайға таңба басқандай айтып кеткен болатын.

Латын тілі – ғылым, білімнің, заманауи технологияның тілі, Латын тіліне көшу қоғамдық ой-санамызды жаңғыртып, рухани дүниемізді байыта түседі. Қазақ тілі әліпбиін латын таңбасымен жазуға қайтару – қоғамдық талап көрсеткіштерінің бірі. Осы латын әліпбиіне қатысты қазіргі таңда көптеген қоғамдық талқылаулар, конференциялар, жиналыстар, іс-шаралар өткізілуде.

2018 жылдың 16 қараша күні Ы.Ал-

тынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілмек. Конференция мақсаты: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында көптілділікті дамыту, ұлттық кодты сақтау және бағдарламада белгіленген басқа да өзекті мәселелерді қарап, талқылау.

Қорытындылай келе айтарым, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына негіздеу арқылы ұтарымыз: тіл тазалығы сақталады, тіліміздің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады, түркі әлемімен байланыс нығайтылады. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңаша биіктерге бастайтынына сенеміз.

**Ж.АХМЕТОВА,**  
Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының  
«Тілдерді дамыту, біліктілікті арттыру және сапа менеджменті жүйесі» бөлімінің  
басшысы.